

• *Жақсының аты өлмейді*

Сүйіндік ЖАНЫСБАЙ,
«Орталық Қазақстан»

Иә, уақыттан шапшаң не бар екен!? Кеше ғана ортамызда жүрген Рекең - Рымқұл Сүлейменов ағамыздың дүниеден өткеніне де бес жылдың жүзі болыпты. Зымыраған уақыт тоқтар емес. Жылжып жылдар, зымырап күндер өтіп жатыр. Биік



Бәріміз

құрметтеген Рекең

тау алыстаған сайын зорая түседі. Кешегі алдымызда жүрген ағалар бүгін жоқтығы еске түскенде көңілің бір сәт құлазып қалады да, «Артында бар оңалар» деп қайтадан еңсенді тіктейсің.

Облыстық «Орталық Қазақстан» газетінің редакциясында нелер марқасқа қаламгер-журналистер еңбек етті. Солардың арасында Рымқұл ағамыздың орны бөлек еді. Ол басқа ағаларымызға қарағанда жастарды жақын тартып жүретін. «Кейін біздің орнымызды басатын сендер боласыздар» деуші еді. Ол кезде біз «бұл кісілердей болмақ қайда» деген ойға кетуші едік. Сөйтсек, рас екен. Бүгін

лыстық «Жезқазған туы» газетінде біраз жыл қызмет атқарып келді. Қайта оралған соң тағы да жауапты хатшы қызметін атқарды. Біз сол уақытта ақылшы ағаның қамқорлығын көп көрдік.

Рекең газетіміздің басшысы, бас редакторы қызметіне келген соң да талай жақсылық бастаманың қозғаушысы болды. Сол кезде «Авторлық номер» дегенді шығардық. Мұнда бір номерге бір-ақ адам жауап береді. Бірінші бетінен бастап соңғы бетіне дейін барлық материалдарды өзі дайындап шығады. Журналистің қаламгерлік қарымын танытуына өте қолайлы болатын. Рекең бас редактор болған

пегендігін байқаймыз.

Айтпақшы, Рекеңнің өзі дүниеден өткен соң жарық көрген «Жан шуағы» атты көлемді кітабында қала өмірінен жазылған шығармалары да жетіп жатыр. Оған «Жусан-емшан», «Бәс тігіскенде», «Өкініш», «Көненің көзі» және басқа қысқа-қысқа әңгіме-новеллаларын мысалға келтіруге болады. Онда ортақ кейіпкер Талғаттың образы арқылы қала тұрғынының өмірін көз алдымызға әкеледі. Жалқаулық пен марғаулық, өз тарихын ұмытып, мәңгүрттікке бет алғандарды, олардың қазақ тілін ұмытқан балаларын шенейді. Осының барлығы өзіміз күнде

өзіміз аға болдық. Енді сол сөзді өзіміз кейінгі інілерімізге айта бастадық.

Сонау сексенінші жылдары Амантай Сағындықов ағамыз айтқандай «Ылғи сайдың тасындай» бір топ жігіттер болдық. Олар Аман Жанғожин, Мағауия Сембай, Әбусаттар Тұрғанбеков, Серік Сексенұлын және бүгінде марқұм болған Самат Жүнісов, Еркін Лұқпанов, Дәулет Мақашевтарды және басқаларымызды жанына жинап алып, әңгіме-дүкен құрушы еді. Көбіне әдебиет жайлы мәселелерді сөз қылатын. Рекең анау-мынау ұсақ сөзді жек көруші еді. Аяқ астынан бір қалжың тауып алып, бөрімізді күлдіріп отыратын.

Мен Рекеңді 1963 жылы Ақтоғайда тоғызыншы сынып оқып жүрген кезімде көрдім. Толқынды қалың қара шашты, әдеміше келген жігіт болатын. Өлең жазуды жаңа бастаған жас толқын біздер аудандық «Арқа еңбеккері» газетінің редакциясына балауса жырларымызды апаратынбыз. Ол кісі газеттің жауапты хатшысы болды. Өлеңдеріміздің жарық көруіне қамқорлық жасайтын. Жазған мақалаларын, шағын әңгімелері мен фельетондарын қалт жібермей оқушы едік.

Кейін студент болған кезімде де «Орталық Қазақстан» газетінің редакциясына жиі келіп жүрдім. Газеттің жауапты хатшысы болды.

Рекең жаңа құрылған Жезқазған об-

кз ескінің құрдымға кетіп, жаңаның әлі қаз басып тұра қоймаған өлара шағы еді. Сол кезеңнен әуірімімен зорға өттік қой. Айлап ақша алмаған кездеріміз болды. Бұрын партияның қарамағында болған газет редакциясы СОКП тараған соң далада қалғандай күн кешті. Обкомның «Полиграфиясы» бізді бөліп тастады. Өз еркімізбен күн көруіміз керек болды. Осы уақыттарда да дұрыс жол тауып отырдық.

Рекең мөлтек әңгімелер жазудың шебері болатын. Жеке адамдар жайлы очерктері қандай! Біз де солай жазсақ-ау деген арман әрқашан көкейімізде жүретін шақ сол кез еді. Очеркті қалай жазуды көпшілік қаламгер осы Рекең ағамыздан үйренді десек артық айтқандық емес. Новелланы қалай жазуды да терең меңгерген жазушы екендігін Ақселеу де бір естелікте зерделеп айтып кеткен.

Мәселен, Рекеңнің «Алашым - аңсағаным» атты кітабын алып қарайық. Мұндағы шағын новеллалар арқылы, оның кейіпкерлері пошташы шал Адамбек, Адаш, Шолақсай және басқаларының мінез-құлқы, жүріс-тұрысы арқылы ауыл адамдарының жинақты мінез-құлқын жасап, солардың басынан өткен оқиғалар арқылы бүкіл ауыл өмірін сипаттап шығады. Бұл жерде Рекеңнің туып-өскен ауыл өмірін де жақсы білетіндігін, қаншама жыл қалада тұрғанымен ауылдан алшақ кет-

көріп жүрген нәрселер болғанымен, Рекең қаламынан туған дүние ойға қалдырып, шынында да солай екен-ау дегізеді. Бұл дегеніңіз әдебиеттің, қаламның құдіреті екендігі сөзсіз.

Осы кітаптың басым бөлігін алып жатқан «От ортасында» деректі хикаяты туралы баса айтқан абзал. Бұл өзіміз білетін, белгілі жазушы «Құба белдер» тарихи трилогияның авторы, қазақ десе ішкен асын жерге қоятын Кәмел Жүнісовтің басынан кешкен оқиғаға негізделген екен. Кешегі тоталитарлық заманда қазақтың егемендігін, бостандығын аңсаған абзал азаматтың сол жолдағы атқарған қиын қыстау жұмыстары, астыртын әрекеттері жан-жақты сөз болады. «Итжеккенге» қалай айдалғанын жаны қынжыла отырып әңгімелейді. Шығарманы оқып отырғанда Ырымбай атты кейіпкері арқылы берілетін автордың жан күйзелісін өз бойыңа қабылдап, оқиға өз басыңнан өтіп жатқандай күйде боласың. Ақыры егемендікке қол жеткен соң арадағы қуаныш, жүрек жарды сүйінші, қуаныш жасы, бәрі-бәрі шынайы.

Газетімізде көп жыл бас редактор болған Рымқұл Сүлейменовтің фотосы «XX ғасырдың 20 редакторы» фотогалереясын да ілінген. Біз ол кісіні әрқашан ұмытпай еске алып отырамыз. Қаламы жүйрік қаламгердің артында қалған шығармалары біз үшін игілікті мұра.